ДӘРІС КЕШЕНІ

Пәннің атауы: «Мейіргерлік істі зерттеуді ұйымдастыру және әдістері»
Пән коды: MIZUA 3312
Білім беру бағдарламасының атауы: 6B10104-«Мейіргер іс» (10 айлық жеделдетілген)
Оқу сағаттары/кредит көлемі: 120 сағат (4кредит)
Курс және семестр: 1 курс, 1 семестр
Дәріс көлемі: 8 сағат

Шымкент, 2025ж.

Дәріс кешені «Мейіргер ісіндегі зерттеуді ұйымдастыру» пәнінің жұмыс бағдарламасына (силлабус) сәйкес әзірленген және кафедра мәжілісінде талқыланды.

Хаттама № «11» «26» 06 2025ж.

Кафедра меңгерушісі м.ғ.к., доцент _____ Сейдахметова А.А.

Дәріс № 1

1.Тақырыбы: Мейіргерлік істегі ғылыми зерттеулердің мақсаттары мен міндеттері. Мейіргерлік істегі білімдердің дереккөздері.

2. Мақсаты: Мейіргерлік істегі ғылыми зерттеулердің мақсаттары мен міндеттері. Мейіргерлік істегі білімдердің дереккөздерімен танысу.

3. Дәріс тезистері:

Зерттеу жүргізу процесі.Ол ғылыми зерттеудің жалпы кестесі. Ғылыми таным әдістерін пайдалану.

Зерттеу дизайнінің теориялық және практикалық мақсаты. Зерттеу сұрақтарының типтері: суреттеуші мен түсіндіруші. Зерттеу жүргізудің жалпы логикасы. Білім ақиқаттылық мәселесі. Теорияларды тестілеу және құру.Зерттеу түрінің таңдалуы қойылған мақсат пен міндеттердің сипатына, әлеуметтік мәселені сараптаудың тереңдігіне, оқиғаларды қамту масштабынан байланысты. Қолданылатын зерттеу әдісі мен мәліметтердің түрлеріне байланысты сараптаманы сандық және сапалық деп бөлуге болады.

Мейіргер ісі саласындағы алғашқы кәсіби журнал

Алғашқы кәсіби мейіргер журналы Америкада жарық көрді (1900). "American Journal of Nursing" мейіргерлер қоғамының баспа орталығы болды, оның алғашқы бас редакторы мейіргер С.Палмер болды. Айта кету керек, бүгінде бұл журнал әлемдегі ең танымал мейіргерлік журналдардың бірі болып табылады.

Мейіргер ісі туралы мәліметтер базасы

Мейіргер ісі оқытушыларының еуропалық Федерациясы (FINE) https://fine-europe.euFINE миссиясы-мейіргерлік білім беру саласындағы озық тәжірибені насихаттау, сонымен қатар Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының Еуропалық аймағында Денсаулық сақтау саласындағы халықтың үнемі өзгеріп отыратын қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін мейіргерлік оқытушылардың біліктілігін арттыру және қолдау. FINE мейіргерлік білім беру саласындағы соңғы зерттеулер туралы хабарлау үшін жыл сайынғы конференциялар ұйымдастырады

Мейіргер ісі және денсаулық сақтау мәселелері бойынша әдебиеттердің жиынтық индексі: CINAHL https://health.ebsco.com/products/the-cinahl-database.

Мейіргер ісі саласындағы зерттеулерді қамтитын әлемдегі ең үлкен мәліметтер базасының бірі. Деректер базасында мейіргер ісі, менеджмент, білім беру, теория және тарих сияқты мейіргерлік журналдар мен медициналық журналдарға арналған толық мәтіндердің көздері бар.

ProQuest —Nursing and Allied Health мәліметтер базасы

The Nursing & Allied Health деректербазасы - бұлстуденттерге, оқытушыларға, зерттеушілергежәнемедицинақызметкерлеріненарналғанкешендіресурс.

Студенттергетеорияныпрактикаменбайланыстыруғакөмектесуүшінклиникалықзерттеулер діқолданунемесеоқытушылардымультимедиялықоқумазмұныменқамтамасызетугекөмекте сетінжүйе.Nursing& Allied Health мәліметтербазасынағылымиәдебиеттер, клиникалықоқытувидеолары, анықтамалықматериалдаржәнеғылыминегізделгенресурстар, соныңішіндедиссертациялярменжүйелішолуларбар.

Медициналық клиникалық зерттеулердің дизайны

Дизайн түсінігін ағылшын тілінен аударғанда
(design) жоспар, жоба, сызба, конструкция
мағынасын береді.

- Дәлелді медицинадағы санды және сапалы зерттеу әдістері.
- Клиникалық сынақ, анықтамасы, жіктелуі.

- Дәлелді медицинадағы статистикалық анализ.
- Клиникалық зерттеу нәтижелерінің дәлелділік деңгейі және ұсынылым градациясы.

Клиникалық сынақ - науқастарды негізгі (сынақ жүргізілетін) немесе бақылау (салыстыру) топтарға еңгізіп медициналық іс-әрекеттер мен клиникалық ақырының арасындағы себепті мен нәтижелік
байланысын анықтауға арналған **келешек бағытта (проспективті) жүргізілетін қандайда болмасын тексеріс** (медициналық журналдар редакторларының халықаралық ұйымының анықтамасы).

- Бұл жаңа теориялық ілім нақтылығын тексеретін клиникалық сынақтардың **(КС) ең ақырғы бөлігі.**
- **КС дизайн түрі – бұл клиникада ғылыми зерттеуді өткізу әдісі, яғни оны ұйымдастыру немесе архитектурасы**
- **КС дизайн түрі – бұл жіктелген белгілер жинағының 3 түрден тұрады олар:**
  1) нақты клиникалық жағдайлар;
  2) зерттеу әдістері
  3) нәтижелерді өңдейтін статистикалық (сандық) әдістер.

ЗЕРТТЕУЛЕРДІҢ УАҚЫТЫ БОЙЫНША ЖІКТЕЛУІ.

Бір қадамдық зерттеуші- уақыт туралы өздерінің жағдайын бағалаусыз яғни белгілі бір уақытта қатысушылар туралы барлық
ақпаратты жинайды.

Динамикалық (бойлық) - қатысушылар туралы ақпарат динамикада жинақталған, яғни уақыт кезеңі ішінде: бақылаудың басында.

Олар болашақ, ретроспективті, қос бағытқа бөлінеді

4. Иллюстрациялық материал: Презентация

5. Әдебиет:Н:1,2,5,7; Қ:2,3,6; ЭБ: 1,2,7,5,8,12.

6. Бақылау сұрақтары:

- Зерттеу жүргізу процесі?
- Мейіргерлік істегі ғылыми зерттеулердің мақсаттары мен міндеттері.
- Мейіргерлік істегі білімдердің дереккөздері.

Дәріс № 2

1. **Тақырыбы:** Мейіргерлік істен сабақ беруде және ғылыми-зерттеу жұмысында инновацияларды қолдану.
2. **Мақсаты:** Мейіргерлік істен сабақ беруде және ғылыми-зерттеу жұмысында инновацияларды қолдануды үйрену
3. **Дәріс тезистері:**

Зерттеу дизайны – бұл клиникада ғылыми зерттеуді өткізу әдісі, яғни оны ұйымдастыру немесе архитектурасы.

Зерттеулердің дизайны бойынша жіктелуі:

- **Обсервационды зерттеулер** (бақылау)- бұл зерттеуде бір немесе одан да көп науқастар тобы белгілі бір сипаты бойынша бақылауда болады, ал зерттеуші

мәліметтерді жағдайлардың табиғи үрдісінде, белсенді араласпай жәй бақылау арқылы жинайды;

- **Эксперименталдық зерттеулер –** жасалған іс-әрекеттің (препарат, процедур, ем) нәтижесі бағаланады; бір, екі немесе одан көп топтар қатысады. Жасалатын іс-әрекет бақыланады.

Медициналық зерттеулерге қойылатын маңызды талаптар:

- Зерттеуді дұрыс ұйымдастыру (дизайн) және рандомизацияның математикалық жағынан негізделген әдісі.
- Зерттеудің өткізілетін орны
- Зерттеудің ұзақтылығы
- Алынған мағлұматтардың статистикалық өңделуінде санау әдістері ретімен қолданған.

Медициналық зерттеулер түрлері

1. Пилоттық зерттеу
2. Рандомизацияланған клиникалық зерттеу
3. Бақыланатын және бақыланбайтын
4. Параллельді және перекрестті зерттеулер
5. Ашық және соқыр зерттеулер
6. Перспективалы
7. Бір орталықты және көп орталықты
8. Когортты
9. Істі зерттеу-бақылау

Мақсаты бойынша зерттеулер бөлінеді:

- профилактикалық;
- скринингтік;
- диагностикалық зерттеулер;
- терапиялық зерттеулер - эксперименттік препараттардың немесе хирургиядағы немесе сәулелік терапиядағы жаңа әдістердің тиімділігі мен қауіпсіздігін зерттеу үшін жүргізіледі;
- өмір сапасын зерттеу- созылмалы аурумен ауыратын науқастардың өмір сүру сапасын жақсарту жолдарын зерттеу үшін жүргізіледі.
- Сандық зерттеу, аты айтып тұрғандай, бақылау нәтижелерін есептеумен байланысты. Сандық деректер-бұл сандық форматта ұсынылған кез-келген мәліметтер, мысалы, статистикалық мәліметтер, пайыздық көрсеткіштер және т.б. көптеген адамдарға белгілі сандық зерттеу түрі-бұл халықтың қолданбалы статистикасы, онда директивалық органдар мен басқа адамдарға халықпен байланысты шешімдер қабылдау кезінде ақпарат беру үшін адамдардың әртүрлі санаттарының пропорциялары қолданылады (мысалы, әйелдердің 30%, жұмыссыздардың 10% және т. б.).
- Биостатистикалық ақпарат (мысалы, инфаркттың таралуы пайыздық түрде) медицинада Денсаулық сақтау бағдарламалары туралы медициналық қызметтерді жеткізушілер мен әкімшілердің шешім қабылдау процесінде қолданылады.
- Денсаулық сақтау технологияларын дамытудағы сандық зерттеулердің кең таралған мысалдары-рандомизацияланған бақыланатын сынақтар түрінде жиі жүргізілетін эксперименттер, олардың міндеті емдеудің басқа түрлерімен немесе (сирек) емдеудің болмауымен салыстырғанда жаңа технологияны қолданудың әсерін анықтау болып табылады. Бұл ретте пациенттердің сипаттамалары, сондай-ақ емдеудің жаңа түрінің дозасы мен қабылдау жиілігі өлшенеді және есептеледі.

- Пациенттерге бақылау жүргізіледі және мақсатты аурудың өлшенетін параметрлеріндегі өзгерістер (соңғы нүктелер), ықтимал жанама әсерлер (жағымсыз реакциялар), сондай-ақ ауырсыну жиілігі сияқты субъективті деректер сияқты маңызды деректер жиналады.
- Бұл бақылаулар шындықтың бейтарап көрінісі болып табылады және болашақты көрсете алады деп болжанады. Мысалы, егер жаңа медициналық препарат қайталанатын эксперименттерде салыстыру үлгісімен салыстырғанда инфаркт санын азайтса, нақты өмірде бірдей медициналық препараттың арқасында ұқсас пациенттерде жағдай ұқсас болады деп болжанады (клиникалық сынақ жағдайларына қарағанда, жағдайлар көбірек бақыланатын кезде болады).

Сандық зерттеулердің сипаттамасы
-Нақты пәндерге қатысты
-Объективті
-Деректерді синтездеу үшін индуктивті талдау әдісі қолданылады
-Нақтылық пен дәлдікке шоғырлану
-Теорияны тексеру себеп-салдарлық қатынастар
-Талдаудың негізгі элементтері: өлшеу және статистикалық талдау
-Өлшеуге және жалпылауға болатын біртұтас шындық

4. **Иллюстрациялық материал:** Презентация
5. **Әдебиет:** Н:1,2,3,5,7; Қ:1,2,3,6; ЭБ: 1,2,7,5,8,12.
6. **Бақылау сұрақтары:**

- Мейіргерлік істен сабақ беруде және ғылыми-зерттеу жұмысында инновацияларды қолдану.
- Зерттеу дизайныдегеніміз не?
- Зерттеулердің дизайны бойынша жіктелуі;
- Мақсаты бойынша зерттеулер қаншаға бөлінеді?

Дәріс № 3

1. Тақырыбы:Сындарлы-күшті сыни ойлауды қалыптастыру
2. Мақсаты: Сындарлы-күшті сыни ойлауды қалыптастыру әдістерімен танысу.
3. Дәріс тезистері:

Сыни ойлау (кейде Критикалық ойлау, ағылш. Critical thinking) — фактторді анализдеу арқылы тұжырым қалыптастыру. Бұл ұғым күрделі және әртүрлі анықтамаларға ие, ол негізінен рационалдылықты, скептикалықты, сыңаржақтылықсыз анализдеуді және фактік дәлелдерді тексеруді қамтиды. Сыни ойлау дегеніміз өз-өзін басқаратын, өз-өзін тәрбиелейтін, өз-өзін бақылайтын және өз-өзін түзететін ойлау формасы.Оның алғышарты сананы кемелдендірудің қатаң стандарттарына келісу және оларды сергек қолдану болмақ. Сыни ойлау тиімді қарым-қатынас жасау мен проблемаларды шешу қабілеттерін меңгеруді талап етеді, сондай-ақ болмысымыздағы табиғи эгоцентризмді және социоцентризмді жеңуді міндеттейді.Сыни ойлау терминіні халықаралық термин жүйесінде ойлаудың "критикалық" түрі ретінде аталады, ол яғни грек. κριτικός = kritikos = "сын", "бағалау", "тексеру", тб. көп мағыналы сөзден шыққан; мұндағы "сын" ұғымы күнделік тұрмыстағы "айыптау" мағынасында емес, интеллектуалды қабілетті білдіреді, әрі "бағалау", "анықтау", "пайымдау", және "ажырата білу" секілді мағыналарға ие. Сыни ойлаудың интеллектуалды негізі бейне оның этимологиясы секілді өте ежелгі заманға барып тіреледі, яғни осыдан 2500 жыл бұрынғы Сократтың оқыту практикасы мен пайымдауларында осы ұғымға жақын мазмұндар кездеседі; Сократ сауалдарды тексерістен өткізудің жаңа әдісін тапқырлап, адамдар өздерінің

білімге деген сенімділіктерін рационалды анықтай алмайтыны сынды әлсіздігін көрсетіп берді және мұнда Сократтық ирония да қатар жүрді.Логикалық аргументацияны зерттеу сыни ойлауды зерттеуге қатысты болады. Логика аргументтерді анализдеуге, және оның дұрыстығын немесе бұрыстығы бағалауға байланысты болады.Эпистемологияның тармақтарында сыни ойлау логикалық дұрыс ойлауға мән береді, ол лоикалық дұрыс және логикалық қате тұжырымдарды ажыратуға мүмкіндік береді.

Лоикалық ойлаудың "бірінші толқынында" ойлаушы өз ой желісінің сыртына шығып, ұғымдар, немесе ой түйіндері арасындағы байланыстарды сыңаржақтылықтардан қарамаққа азат түрде анализдейді. «Сыни ойлаудағы логицизмнен тысқары» атты эссесінде Керри С.Уолтерс бұл идеологияны былай сипаттайды: "Сыни ойлаудың логикалық ізденісі студенттерге мынадай ақпарат береді: Бұл ойлау моделі әдеттегі академиялық даналыққа еніп кеткені соншалық, көптеген ұстаздар оны канон ретінде қабылдайды." Мұндай қағидалар ғаламды сандық түсінуге тәуелділіктің артуына ілесіп пайда болған.

Сыни ойлаудың "екінші толқынындағы" авторлар сыни ойлаудың "бірінші толқынға" тән логоцентризмдік моделінен саналы түрде алшақтады. Көптеген ғалымдар сыни ойлауды құрайтын нәрселерге азырақ эксклюзивті көзқараспен қарай бастағанымен, рационалдық пен логика сыни ойлаудың басты негізі ретінде қабылданды. Уолтерс пікірі бойынша, "бірінші толқындағы" эксклюзивті логоцентризмдік түсінік "жақсы ойлау дегеніміз логикалық ойлауға жеңілдетілген ойлау деген негізсіз болжамды" басшылыққа алған.Дедукция, абдукция және индукция

Логикада қолданылатын Аргумент терминологиясы

Толық мақаласы: Пайымдау

Логикалық ойлаудың үш түрі бар. Бейресми түрде айтқанда, формалды дедукциядан басқа логикалық пайымдаудың екі түрін ажыратуға болады, олар индукция және абдукия. Дедукция дегеніміз аргументтің алғышарт құрылымынан қорытынды шығару болып, формалды түрде тұжырымдау ережелері қолданылады. Мысалы: Х деген адам (алғышарт), сосын барша адамның келбеті бар (алғышарт), сондықтан Х-тің де келбеті бар (логикалық қорытынды).

Индукция дегеніміз бір логикалық қорытынды шығару моделі болып, мұнда қорытынды шығару құрылымы нақты деректер мен факттер арқылы дәйектеледі. Абдукция

Абдукия дегеніміз эвристикалық ұқсастықты қолдану арқылы тұжырым жасау болып, егер біраз алдына-ала білу болмаса, бұл мүмкін емес. Мысалы: "мен өрістегі қойларды байқадым, олар маған ақ болып көрінді, сондықтан демек қой деген нәрсе ақ түсті болады". Дедуктивті тұжырымға салыстырсақ: Кем дегенде кейбір қойлар ақ болады.

4. Иллюстрациялық материал: Презентация

5. Әдебиет: Н:1,2,3,6,7; Қ:1,2,3,6; ЭБ: 1,2,3,7,5,8,12.

6. Бақылау сұрақтары:

- Сыни ойлау дегеніміз не?
- Дедукция , индукция дегенімізне?

Дәріс № 4

1. Тақырыбы: Ғылыми зерттеу саласында халықаралық құқық және этиканы реттеу негіздері.

2. Мақсаты:Ғылыми зерттеу саласында халықаралық құқық және этиканы реттеу негіздерін меңгеру

3. Дәріс тезистері

Медициналық зерттеу – мақсаты ғылыми әдістермен адам денсаулығы, аурулар, олардың диагностикасы, емдеу немесе профилактикасы туралы жаңа білім алу болып табылатын зерттеу.

Медициналық зерттеулер жүргізу тәртібі

Медициналық зерттеулерді жүргізуге рұқсат алу тәртібі

1. Медициналық зерттеулерге медициналық-биологиялық эксперименттер, клиникаға дейінгі (клиникалық емес) зерттеулер, клиникалық зерттеулер, қоғамдыққ денсаулық сақтау саласындағы зерттеулер кіреді.

2. Медициналық зерттеуді жүргізуге рұқсат алу үшін Орталық және Жергілікті комиссия құрылған.

"Биоэтика жөніндегі орталық комиссия туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2019 жылғы 5 сәуірдегі № ҚР ДСМ - 20 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізімінде № 18480 болып тіркелген) сәйкес уәкілетті органның жанында құрылады.

Жергілікті комиссиялар медицина ұйымдарының базасында тәуелсіз бағалау жүргізу үшін құрылады.

Медициналық зерттеулер мынадай құжаттар қажет:

1) биоэтикалық зерттеулер жүргізетін Орталық (бұдан әрі – Орталық комиссия) және Жергілікті (бұдан әрі – Жергілікті комиссия) комиссиялардың оң қорытындысы;

2) зерттеу орталығында (бұдан әрі – Кеңес) ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет мәселелерін қарайтын уәкілетті консультациялық - кеңесші орган тарапынан медициналық зерттеу жүргізуге рұқсат болған жағдайда жүргізіледі.

3) Медициналық зерттеу материалдарына биоэтикалық сараптама қорытындысын алу үшін зерттеуге демеуші (бұдан әрі – демеуші беруші) (немесе зерттеу басшысы) медициналық зерттеу материалдарын Орталық немесе жергілікті комиссияға ұсынады.

Бағдарламалық - нысаналы жоба шеңберінде медициналық зерттеулер жүргізу кезінде зерттеу жүргізуге арналған құжаттар Орталық комиссияға, гранттық жобалар шеңберінде материалдар Жергілікті комиссияға ұсынылады.

Егер Жергілікті комиссия зерттеу орталығында болмаса, онда демеуші (немесе зерттеу басшысы) өзге ұйымның жергілікті комиссиясына жүгінеді. Жергілікті комиссияны таңдау кезінде комиссияның тиісті түрдегі зерттеу материалдарын қарау тәжірибесі ескеріледі.

7. Орталық комиссия мынадай жағдайда интервенциялық клиникалық зерттеу материалдарының биоэтикалық сараптамасын жүргізеді:

1) екі және одан да көп зерттеу орталықтарында сыналатын әдісті және (немесе) құралдарды интервенциялық клиникалық зерттеуді жүргізу (зерттеудің бірыңғай хаттамасы бойынша);

2) Қазақстан Республикасынан тыс жерде жүргізілген сыналатын әдіске және (немесе) құралдарға интервенциялық клиникалық зерттеу жүргізу.

8. Орталық комиссия екі және одан көп зерттеу орталығында зерттеу жүргізу жағдайда интервенциялық емес клиникалық зерттеу материалдарына биоэтикалық сараптамасын жүргізеді (зерттеудің бірыңғай хаттамасы бойынша).

9. Жергілікті Комиссия осы Қағидалардың 9 және 10-тармақтарында көрсетілген клиникалық зерттеулерді қоспағанда, медициналық зерттеудің барлық түрлерінің материалдарына биоэтикалық сараптама жүргізеді.

10. Медициналық-биологиялық эксперимент, клиникаға дейінгі (клиникалық емес) зерттеу жүргізу кезінде демеуші (немесе зерттеу басшысы) Жергілікті комиссияға мынадай құжаттарды ұсынады:
Қоғамдық денсаулық саласында зерттеу жүргізу кезінде демеуші (немесе зерттеу басшысы) Жергілікті комиссияға мынадай құжаттарды ұсынады:

1) еркін нысандағы ілеспе хаты бар қоғамдық денсаулық сақтау саласындағы зерттеуді жүргізуге арналған өтінім;

2) осы Қағидаларға қосымшаға сәйкес нысан бойынша зерттеушінің түйіндемесі, GLP курстарынан өткені туралы сертификат;

3) зерттеуші қол қойған зерттеу хаттамасы;

4) зерттеу субъектілері немесе олардың заңды өкілдері үшін қазақ және орыс тілдеріндегі зерттеу туралы ақпарат (егер ол хаттама бойынша талап етілсе);

5) зерттеу субъектісінің қазақ және орыс тілдеріндегі ақпараттандырылған келісімінің нысаны (егер ол хаттама бойынша талап етілсе);

6) қағаз тасымалдауыштағы деректерді/сауалнаманы жинау нысанының үлгісі (егер ол хаттама бойынша талап етілсе);

7) қосымша құжаттар (егер ол хаттама бойынша талап етілсе).

14. Медициналық зерттеу материалдарына биоэтикалық сараптама жүргізу және қорытынды беру мерзімі сараптамалық жұмыстарға ақы төлеу және құжаттардың толық тізбесі ұсынылған күннен бастап он төрт жұмыс күнінен аспайды.

15. Құжаттар пакеті толық ұсынылмаған жағдайда Жергілікті комиссия үш жұмыс күннің ішінде құжаттарды Демеушіге (немесе зерттеу басшысына) қайтарады.

16. Жергілікті комиссия зерттеу орталығы бекіткен рәсімдері бойынша Медициналық зерттеу материалдарына биоэтикалық сараптама жүргізеді. Орталық комиссия Орталық комиссия бекіткен рәсімдер бойынша медициналық зерттеу материалдарына биоэтикалық сараптама жүргізеді.

17. Қажет болған жағдайда Орталық немесе Жергілікті комиссия Демеушіден (немесе зерттеу басшысынан) ұсынылған құжаттар тізбесіндегі нақты ережелер бойынша түсініктемелерді сұратады. Демеушінің немесе зерттеу басшысының комиссия сұрататын қосымша деректерді ұсыну үшін қажетті уақыты биоэтикалық сараптама жүргізу мерзіміне кірмейді және күнтізбелік алпыс күннен аспайды.
Медициналық зерттеудің биоэтикалық сараптамасының нәтижелері бойынша Орталық немесе Жергілікті комиссия мынадай:

1) еркін нысанда медициналық зерттеу жүргізуді мақұлдау туралы;

2) медициналық зерттеу жүргізуге өтінім материалдарын пысықтау қажеттілігі туралы;

3) медициналық зерттеу жүргізуден бас тарту туралы шешімдердің бірін қабылдайды.

19. Мыналар:

1) зерттеу жүргізуде ғылыми негізділіктің болмауы;

2) биоэтикалық тұрғыдан зерттеу жүргізудің жарамсыздығы;

3) "Тиісті фармацевтикалық практикаларды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 27 мамырдағы № 392 бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11506 болып тіркелген) бекітілген Гуд лаборатори Практик (Good Laboratory Practice) (клиникаға дейінгі (клиникалық емес) зерттеулер үшін, егер қолданылатын болса) және тиісті Гуд клиникал практик (Good Clinical Practice) клиникалық практикасының (клиникалық зерттеулер үшін, егер қолданылатын болса)

стандарттарында көрсетілген адам мен жануарлардың қатысуымен зерттеулер жүргізудің негізгі қағидаттарын бұзу зерттеу жүргізуден бас тарту үшін негіз болып табылады.

Биоэтикалық сараптама нәтижелері бойынша комиссияның шешімі Орталық немесе Жергілікті комиссияның қорытындысы түрінде ресімделеді. Комиссияның қорытындысы Демеушіге немесе зерттеу басшысына жіберіледі.

Демеушінің (зерттеу басшысының) сараптама нәтижелерімен келіспеушіліктер туындаған жағдайда, Комиссия медициналық зерттеу материалдарын Демеушінің өзінің (зерттеу басшысының) қатысуымен және тәуелсіз сарапшыларды тарта отырып, қайта қарайды.

21. Орталық және Жергілікті комиссияның оң қорытындысы негізінде зерттеушілер зерттеу орталығының Кеңесіне медициналық зерттеу жүргізуге өтінім береді. Медициналық зерттеу жүргізуге арналған өтінім осы Қағидалардың 10-13-тармақтарында көрсетілген құжаттар пакетін және Орталық және Жергілікті комиссияның оң қорытындысын қамтиды.

22. Медициналық зерттеу жүргізуге арналған өтінім Кеңес отырысында қаралады, ол мынадай:

1) медициналық зерттеу жүргізуді мақұлдау туралы;

2) медициналық зерттеу жүргізуге арналған өтінім материалдарын пысықтаудың орындылығы туралы;

3) медициналық зерттеу жүргізудің орынсыздығы туралы шешімдердің бірін қабылдайды.

Зерттеу орталығы Кеңес хатшылығына келген сәттен бастап медициналық зерттеу жүргізуге арналған өтінімді қарау мерзімі Кеңес отырыстарын өткізудің мерзімділігіне байланысты, бірақ 30 күнтізбелік күннен аспайды.

4. Иллюстрациялық материал: Презентация

5. Әдебиет: Н:1,2,3,6,7; Қ:1,2,3,6; ЭБ: 1,2,3,7,5,8,12.

6. Бақылау сұрақтары:

- Медициналық зерттеулер жүргізу тәртібі қандай?
- Ғылыми зерттеу саласында халықаралық құқық және этиканы реттеу негіздері.

Дәріс №5

1. Тақырыбы: Практикалық мейіргер ісіне ғылыми зерттеулердің нәтижелерін трансферттеу.

2. Мақсаты: Сандық мәліметтерді жинау құралдары

3. Дәріс тезистері:

Сандық зерттеулер анықтауға көмектеседі:

-қанша адамның белгілі бір ауруға шалдыққанын анықтауға көмектеседі,

-аурудың экономикалық салдары қандай,

-белгілі бір медициналық препараттың арқасында қанша адам артықшылыққа ие бола алады, артықшылықтың мәні неде,

-медициналық препаратты оған қол жеткізілгеннен кейін қаншалықты жиі қолдануға болады.

Барлық осы аспектілерді шешім қабылдау кезінде ескеру өте маңызды.

Зерттеудің сандық және сапалық әдістері бір-бірін толықтыра алады және тіпті ұқсас болып көрінуі мүмкін. Мысалы, сауалнаманы пайдалану сапалы зерттеу ретінде қарастырылуы мүмкін, бірақ сауалнаманың қалай жасалғанына байланысты сандық болуы мүмкін.

Зерттеуші респонденттерден шкала бойынша жауап беруді сұрағанда (мысалы, 1-ден "толық келіспеймін" – деп, 5-ке "толық келісемін" деген жауап беру), бұл сандық зерттеудің бір түрі. Егер жауап еркін түрде қабылданса және пациенттер масштабпен немесе жауап нұсқаларымен шектелмесе, зерттеу сапалы болып табылады. Дегенмен, пациенттердің нәтижелерін бағалау дамыған сайын, зерттеушілер ұсынған нәтижелердің шкаласы мен басқа да өлшемдері пациенттер қатысатын сапалы әдістер арқылы жақсы қалыптасады.

Зерттеулер міндетті түрде сапалы немесе толық сандық болмайды. Зерттеудің танымал түрі сапалы және сандық әдістерді қолданатын "аралас әдістерді" зерттеу деп аталады. Зерттеушілер сандық және сапалық деректерді жеке-жеке талдаудың орнына әдейі біріктіреді. Аралас әдістер дегеніміз не екендігі туралы анықтамалар көп болғанымен, ең көп тарағандардың бірі оларды әдістемелік тәсіл ретінде сипаттайды

-нақты өмірдің контекстік түсіндірмелерін ескеретін зерттеу мәселелеріне назар аудару, көптеген көзқарастардан қарау және мәдени әсер;

-құрылымдық элементтердің мәнін зерттеу және түсіндіру үшін сандық зерттеудің құрылымдық элементтерінің дәл бағалау мәндері мен жиілігін және дәл сапалы зерттеуді қолдану;

-көптеген әдістерді қолданыңыз (мысалы, инвазивті сынақтар және терең сұхбат);

-олардың әрқайсысының күшті жақтарын пайдаланудың көрсетілген әдістерін әдейі енгізу немесе біріктіру;

-сонымен қатар, философиялық және теориялық ұстанымдар аясында тергеу жүргізу.

Сандық зерттеу әдісінің артықшылығы:

Зерттеу объектіліерін үлкен көлемде қамту (респонденттер, орындар және т.б.). бірақ та қол жеткізуге қиын түсетін сегментерді (мысалы, жоғарғы/төменгі қабаттағы халық) дәстүр бойынша сапалық зерттеу әдісін пайдаланады.

Сұрау қатысушыларының анонимді қалу мүмкіндігі бар.

Сандық зерттеуді өткізу үшін сауалнамаға жинақталған сұрақтар тізімі дайындалады. Сауалнама өзінде жабық сұрақтар (ұсынылған варианттарының ішінен жауап беруді талап етеді) ғана емес, ашық сұрақтарды да кіргізеді (респоденттің ашық және толық жауап беруін жорамалдайды).

Сандық және сапалық әдістер өзінің “еңбек бөлінісіне” ие. Ақпарат жинау мен талдауда біріншілері - қорытындылау, құрылымдық, типтендіру функциясын орындаса, екіншілері - түсіну, нақтылау және жеке даралау функциясын орындайды.

4. Иллюстрациялық материал: Презентация

5. Әдебиет: Н:1,2,3,6,7; Қ:1,2,3,6; ЭБ: 1,2,3,7,5,8,9,12.

6.Бақылау сұрақтары:

- Сандық зерттеу дегеніміз не?
- Сандық зерттеулердің сипаттамасы
- Сандық мәліметтерді жинау құралдары

Дәріс № 6

1.Тақырыбы: Мейіргерлік істі дамытудың мемлекеттік бағдарламалары.

Мейіргерлік тәжірибедегі стандарттар туралы ұғым, олардың мақсаты.

2.Мақсаты: Студенттерге мейіргерлік істі дамытудың мемлекеттік бағдарламаларын түсіндіру.

3.Дәріс тезистері:

Қазіргі уақытта орта буындағы мамандарға талап өте жоғары. Олар арнайы кәсіби маман, тәжірбиелік дағдыларды меңгерген болуы керек. 2013 жылдан бастап «Мейірбике ісі» пәнін модульдік оқыту технологиясын қолдануға бағыттап отырмыз. Оқыту технологиясы төмендегі мәселелерді үйретеді:
медицина қызметкерлерімен, ұйымдар мен мекеме қызметкерлерімен тиімді қарым – қатынас жасаудың принциптерін;
медицина қызметкерлерімен, ұжым мен мекеме қызметкерлерімен нәтижелі қарым – қатынас жасаудың тиімді жолын талдап, қолдануын;
медицина қызметкерлерімен, ұйымдар мен мекеме қызметкерлерімен жасайтын қарым – қатынастың тиімді әдістерін қолдануын;
медицина қызметкерлерінің, ұйымдар мен мекеме қызметкерлерінің жеке өміріне, ыңғайлылық және қауіпсіздігіне көңіл бөлуін қадағалайды.
Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 15 қаңтардағы № 176 Жарлығында айтылған 5.6.2. Медициналық білім беруді жаңғырту Қазақстан Республикасы ЖОО-лары мен колледждерінің мейіргерлік іс оқытушылары үшін мейіргерлік іс бойынша магистрдің қазақстандық дипломы және JAMK (Финляндия) университетінің Master of Health дипломы берілетін бірлескен Қазақстан-фин ғылыми-педагогикалық магистратурасы енгізілді. 5.6.3. Инновациялар мен медицина ғылымын дамыту. Отандық медицина ғылымының деңгейін бағалау және сапасын арттыру мақсатында жыл сайын еліміздің ғылыми ұйымдарының Ұлттық рейтингі жарияланатын болады, бұл олардың ашықтығы мен бәсекеге қабілеттілігін жоғарылатуға мүмкіндік береді.

4.Иллюстрациялық материал: Презентация

5.Әдебиет: Н:1,2,3,6,7; Қ:1,2,3,6; ЭБ: 1,2,3,7,5,8,9,12.

6.Бақылау сұрақтары:

Мейіргерлік істі дамытудың мемлекеттік бағдарламалары қандай?
Мейіргерлік тәжірибеде қандай стандарттар бар?
Стандарттардың мақсаты?

Дәріс № 7

1.Тақырыбы: Мейіргерлік істегі ғылыми зерттеулер. Биомедициналық зерттеулер тұжырымдамасы.

2.Мақсаты: Студенттерге мейіргерлік істегі ғылыми зерттеулер туралы түсініктеме беру.

3.Дәріс тезистері:

Биомедициналық зерттеулер жүргізу қағидаларын және зерттеу орталықтарына қойылатын талаптарды бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 21 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-310/2020 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 22 желтоқсанда № 21851 болып тіркелді

Биомедициналық зерттеулер жүргізу қағидалары және зерттеу орталықтарына қойылатын талаптары

Жалпы ережелер

1. Биомедициналық зерттеулер жүргізу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) және зерттеу орталықтарына қойылатын талаптар "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 7 шілдедегі Кодексі (бұдан әрі – Кодекс) 227-бабының 10-тармағына сәйкес әзірленді және биомедициналық зерттеулер

жүргізу тәртібін айқындайды, сондай-ақ зерттеу орталықтарына қойылатын талаптарды белгілейді.

2. Осы Қағидалар биомедициналық зерттеулердің барлық түрлеріне қолданылады, келесіні қоспағанда:

1) бір мезгілде бірнеше дәрілік заттарды (мемлекеттік тіркеуі жоқ және (немесе) бар) пайдаланудың клиникалық зерттеулерін қоса алғанда, дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды клиникалық зерттеу);

2) тірі организмнен тыс диагностикаға арналған медициналық бұйымдардың клиникалық-зертханалық сынаулары (in vitro);

3) дәрілік заттардың клиникаға дейінгі (клиникалық емес) зерттеулері;

4) медициналық бұйымдардың биологиялық әсерін бағалауды зерттеу (сынау).

3. Осы Қағидаларда келесі терминдер мен анықтамалар пайдаланылады:

1) ақпараттандырылған келісім – зерттеу субъектісінің немесе оның заңды өкілінің шешімді қабылдау үшін маңызы бар барлық зерттеу аспектілері туралы ақпаратты алғаннан кейін нақты зерттеуге қатысу келісімін ерікті растау рәсімі;

2) биомедициналық зерттеу – мақсаты адамның өмірі, денсаулығы, аурулар, оларды диагностикалау, емдеу немесе олардың профилактикасы, сондай-ақ өмір процестерімен, аурулармен және денсаулықпен байланысты генетикалық және экологиялық факторлар туралы жаңа білімді ғылыми әдістермен алу болып табылатын зерттеу;

3) биоэтика –өмір туралы ғылымның жаңа жетістіктерін қолданудың моральдық, әлеуметтік, құқықтық аспектілерін талдау мақсатында биомедициналық және гуманитарлық ғылымдарды біріктіретін пәнаралық ғылыми бағыт;

4) биоэтикалық сараптама – биомедициналық зерттеу материалдарын алдын ала қарау және биоэтика жөніндегі комиссияның этикалық қолайлылығы, қатысушылар үшін қауіпсіздігі және осы зерттеудің орындылығы тұрғысынан негізделген қорытындысын беру;

